

Б.БАБАШ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «САҒЫНЫШ» КОНЦЕПТІСІНІҢ ТАНЫМДЫҚ НЕГІЗІ

Наурызбекова С.Н.

2-курс студенті

Ғылыми жетекшісі: *ф.ғ.к., доцент Ж.Қ. Өмірбекова*

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана қаласы

Адамзат қоғамы дамып, өркендеген сайын оның түсінігі, танымы тереңдеп, дүниеге деген көзқарасы да өзгере бастайды. Адам рухани тұрғыдан толығып, оның ұғымды тану деңгейі кеңейе түседі. Осы ұғым санада суреттеліп, тіл арқылы сырқы ортада бейнеленеді. Қабылданған ақпараттар сұрыпталып, адам санасында орын алатын жоғары дәрежеге дейін көтеріледі.

Бүгінгі таңда қазақ тілі көнеден келе жатырған көркем тіл болуымен қатар, өзінің зерттеу нысаны, пәні, бағыты бар, болашақта әлі де көптеген зерттеулерді керек ететін, тамыры тереңге жайылған қиын да қасиетті тіл.

Лингвистикада қазақ тілін зерттеуде жаңа бағыттар дүниеге келіп, тілді сан саладан алып талдап, түсінуге өз үлестерін қосуда. Бүгінгі мақаламен тікелей байланысты саланың бірі – когнитивтік тіл білімі. Осы терминге түсінік беріп кететін болсақ, «**Когнитивтік тіл білімі** – табиғи тілді сана әрекетінің көрінісі, ойдың тікелей шындығы ретінде зерттейтін тілі білімінің саласы. Когнитивтік тіл білімі тілдің игерілу, қолданылу механизмін түсіндіруді және соған лайық оның моделін жасауды мақсат етеді. Ол үшін ниет, ес, еске сақтау, түсінік, жоспарлау, басқару сияқты сөйлеуге қатысты тілдік, психологиялық, физиологиялық, т.б. ақпараттардың басын біріктіретін когнитивтік категориялар пайдаланылады» [1, 132]. Осы анықтамадан көріп отырғанымыздай, адам қабылдауының санада бейнеленуі, суреттелуі осы тіл білімі саласының аясында зерттеледі. Осыған орай, тіл арқылы көрініс тапқан санадағы дүниелердің бейнесін анықтау, яғни тілді танымдық тұрғыдан зерттеу тек қазақ тілінде ғана емес әлемдік тіл білімінде де үлкен бағытқа айналған. Аталған салада шетел ғалымдары еңбектерінің қатары қазақ ғалымдарының еңбектерімен де толығыда.

Әр қилы кезеңдерді басынан өткерген тілдік ұжым мүшелері белілі бір ақиқат дүниені тани да таныта да біледі. Осы ақиқат дүниенің санада таңбалануы, ұғымның бейнеленуі алдымен өнермен тікелей байланысты дарынды тұлғалардың ой жүйесінде туындайды. Сонан соң осы дарын иелерінің, яғни ақын, жазушылардың көркем шығармаларындағы ұғымның тіл арқылы берілуі нәтижесінде дүние бір ғана бағытта емес, кішкене болса да бөлшектерімен ерекшеленетін тұстары арқылы жалпы халықтың қабылдауынан өтіп, санасында тұрақталады. Бір заттың әр түрлі тәсілдермен берілуі когнитивтік тіл білімінің ішіндегі нақты осы бағыттағы зерттеулермен айналысатын когнитивтік бірлік – **концепт** турасында сөз қозғауға алып келеді. Тіл білімі әдебиетпен тікелей байланысты

болғандықтан, концепттік көріністерді түсіну үшін мысал ретінде әдеби прозалық және поэзиялық шығармаларды негіз етіп аламыз.

Енді когнитивті тіл білімінің бірлігі - концептке түсінік беріп, оның негізгі мақсаты, бағыты, салалары турасында сөз қозғаймыз.

«**Концепт** (лат. *Conceptus ұғым, ой, түсінік*) адам санасының дүние, әлем, айнала туралы түсініктердің компоненті ретінде бірқатар гуманитарлық ғылымдардың нысаны болып табылады. Концепт жайында әртүрлі анықтама берілген. Концепт сөз мағынасынан тікелей тумайды, сөз мағынасы мен адамның жеке басының және халықтық тәжірибесінің түйісуінен пайда болады. Концептінің эмоционалдық, экспрессивтік, бағалауыштық күзіреті күшті. Когнитивтік тұрғыдан концептпен ұғым бір емес. Ұғым – заттың танылған маңызды белгілерінің жиынтығын білдіреді, ал концепт – ұлттық ерекшеліктерге байланысты қалыптасқан менталдық құрылым» [1,138]. Міне, осы жерден келіп концептің ұғымнан айырмашылығын көре аламыз. Нақтылай түссек, концепт ойландырмайды, керісінше сезім елегінен өткізеді. Олар адамның сезімін әр түрлі тәсілдермен жан-жақты беріп, адам санасында бейнелі сурет қалыптастырады.

Концептке қатысты көптеген анықтамаларды жинақтай келе А.Б.Әмірбекова өз еңбегінде [2, 10] концепті бес түрге бөледі:

- **Метафизикалық концепт** - (*жан, өмір, тағдыр, жазғыздық, махаббат*) дүниедегі абстракцияның жоғары дәрежедегі құндылықтарын танытатын ментальды мазмұн;

- **Ұлттық – мәдени концептілер**. Тек ұлттық танымды ғана жан-жақты ақпаратымен жүйеленіп, сол ұлттың мәни құндылығын көрсететін концептілер (*дала, көш, домбыра, қамшы, тары*);

- **Эмоционалды концептілер** (*қуаныш, қайғы, бақыт, мұң*). Кейбір ақиқат дүниелер адам санасындағы эмоционалды, аффективті көңіл күйі, ішкі сезім арқылы танылады.

- **Контраст концептілер** – бірінсіз бірі болмайтын, бірін екінші толықтырып отыратын немесе бірінен кейін бірі жүретін ақиқат дүниелердің жұптасып қана танылуы (*өмір/өлім, қала/дала, бақыт/қайғы*).

- **Калайдоскоптық концептілер** – бір ғана ақиқат дүниенің санада әр алуан концептілік құрылымдарға салынып, бірнеше концепт типтерінде (*ойсурет, сценарий, схема*) көрініс табуы.

Когнитивтік тіл білімі, концепт туралы түсінікті қорытындылай келе, нақты зерттеу нысаны – Б.Бабаш поэзиясындағы «Сағыныш» концептісінің танымдық негізіне [3] келсек.

Зерттеудің басты мақсаты – бүгінгі қазақ поэзиясында сезімге толы өлеңдерімен өз орнын таба білген ақын Бақытгүл Бабаш өлеңдеріндегі сағыныш сарынының әр түрлі сөз иірімдерімен берілуін лингвистикалық тұрғыда талдап, астардай айтылған ойдың санада суреттелуіне баса назар аудару.

«Сағыныш» сөзін естігенде, алдымен санада ол туралы ұғым қалыптасады. Ол ешқандай эмоционалды реңкке ие болмайды. Жай ғана

түсіндермелі сөздікте берілгендей, «*белгілі бір зат, құбылыс жөніндегі, түсінік, таным*» [4,854] ғана пайда болады.

Егер осы өлеңдердегі сағыныштың концептілік көріністеріне келетін болсақ, жоғарда жіктелген концепт түрлері ішінен «Сағынышты» метафизикалыққа сөзге де, эмоционалды сөзге де жатқызуға болады, бірақ калейдоскоптық концепт деп алғанда ғана оның мәні тереңдей түсіп, санада өлең жолдарымен берілген түйдек ойлар өз орнын табады.

Поэтикалық мәтінде «сағыныш» концептісі әр түрлі қырынан белгілі. Бұлар күнделікті өмірдегі сағыныш туралы адам ойларымен астасып жатса да, поэзияда ақынның бейнелеуімен жаңа жағынан көрініс береді. Жалпы, әртүрлі тақырыпта жазылған өлеңдерді талдай келе, ортақ сағыныш сезімі көрініс табатын шығармалардың өзін де іштей бөліп қарастырамыз.

Сағыныш – мәңгі елес. *Есі жоқ арман ойыма, кейіпкер болып есімің; Елесің кеп жұбатса да қанша күн, сырға толы сол сәттерді аңсадым; Өксісем де түн жамылып өшпеді, жанарымнан – жанарыңның елесі; Мендегі ойдың мейманы; Маза бермей сол күндерден қалған із; Өңімде жоқсың, елессің; Елесіңді серік қылып; Мазамды алды сан елес; Сағыныш болдың сезімнің селін кешкенде.* Бұл үзінделер сағыныштың санаға елес болып қалыптасатын бейнелейді. Мұнда *елесің келіп жұбату, ойдың мейманы, елесті серік қылу, сезімнің селін кешу* деген ауыспалы мағынада келген тіркестермен қатар, «*түн жамылу – түнделетін жүру*» [5, 704], «*маза бермеу – тыныштық көрсетпеу, көңілді алу*» [5, 503] сияқты тұрақты сөз тіркестері қолданылған.

Сағыныш – мұң, қайғы. *Сағыныш қалды көзімде, оянам жылап; Жетім жел үні таңда ызғып, жүрекке мұң боп тарады; Шарасыз қалтымды айқындап, жанардан лағыл мұң құлайды; Қара түнде нала мұңға малынып, Сіз де мені сағынасыз; Санамды сансыз ой қамап, моншақ мұң түспей көзімнен; Өңкей мұңды өлеңіме тоғыттым; Мұңға мені бөлемегін; Мұң аймалап жанымды; Сергелдең сезіміме лайық мұңым; Жанарымда лағылдай мұң тізбегі.* Мұнда ауыспалы мағынадағы *сағыныш көзде қалу, мұңға малыну, моншақ мұң, мұңға бөлеу* сияқты сөз тіркестері мен *мұңды лағыл, яғни «қызыл түсті қымбат асыл тас, жақұтқа»* [4, 567] ауыспалы мағынада теңеуі сағыныштағы мұң көрінісін көркемдей түседі.

Сағыныш – қашықтық, жалғыздық. *Әйтеуір шерлі жалғыздық, айналып мені табады; Бізді бөлген шақырымдар; енді бәрі елес боп, жағасында жалғыз қалдым Жайықтың; Біз әдемі сезімдерді жоғалттық; Түн баласы кірпік ілмей қаңғырған; Жанына жай түскен Жалғызбын; Өткердім қанша жалқы күн; Сандалып жүрмін, жанымның жайын таба алмай; Бұйырмаған бақытымды қиялдап, қиян кезем мен енді; Кетеміз жалғыз, не етемін налып; Сыңар құс қанат едім; Ай мен Күндей болды арамыз.* Бұл жерде ақын шынайы өмірде жалғыз өзі қалғандығын емес, жанының рухани жалғыздық сағынышын сезімдердің *жоғалуына, жанға жайдың түсуіне, жалқы күнге, сыңар қанат құсқа* теңей келе, арадағы

кашықтықтық өлшемін әсірелей келе, ешқашан жолықпайтын *Ай мен Күннің арасына* балайды.

Сағыныш – қоңыр күз. *Алтын түстес жапырақтар тізбегін, алқа қылсам мойныңа; Шыққа оранған жапырақ ем, атырапты мөлдір-мөлдір тамшылары әлдилер; Сап-сары сағынышты арқалап, сары-сары жапырақтар үстінде; Күлкімді күз ұрлады; Малмандай жауынға малындым; Жапырақтан сыр іздедім, сол қияли қалымда.* Негізінен, прозада да, поэзияда да сағыныш күз бейнесінде келеді. Осы тұста *сағыныштың сары түсін* эпитет арқылы анықтай, күзге жан бітіре кейіптеп, «*күлкімді күз ұрлады*» деп әсем суреттейді.

Сағыныш – үміт пен жұбаныш.*Қуантшы бір келін; Ақ кептерім алып ұшты; Сағынышымды алып ұшасың ба, ақ кептер; Ақ кептер аппақ әлемім; Жүрегіме бола алмаған жұп мәңгі, сол күндерден сағынышым құтқарды; Үкі тағып текке үмітке; Құтқарар жалғыз кемесіз; Сағынуға тұратын бұл өмірде, бір адам болғанына қуанамын.* Осы жолдарда сағыныш метафора арқылы, кіршіксіз, пәк *ақ кептер* бейнесінде алынады. Оған артылған үміт, оның *аппақ әлемі* сағыныштың символы секілді танылады.

Сағыныш – жауапсыз сұрақ.*Бақыт па? Не бұл? Сор? Қайғы?; Сізді неге сағынады екенмін?; Көктем ұзақ болмайды екен, неге осы? Отырам ойды құндақтап, кімсіз Сіз?; Мен Сені неге сағынады екем?; Түнгі ұйқыңды кімге ұрлаттың? Бұл бәлкім көлкіген көз жасы?; Еркелік наз ба? Көңіл, мұң?* Сағыныш сезімі адам басынан өткенде жауапсыз сұрақтың көп қойылатыны заңды құбылыс. Осы тұста ақын риторикалық сұраулы сөйлемдер арқылы оқырманға ой тастап, жүректегі сағынышқа қояр сұрағын, оған жауаптың болмайтынын сезе тұра, көркем бейнелей тіл қатады.

Міне, осы жерде ғана концептінің ерекшелігін анық көруге болады. Барлық келтірілген өлең жолдары бөлек-бөлек топталса да, олар сағыныш концептісінің көрінестерін жан-жақты бере білді. Жоғарыда келтірілген мысалдары оқымасақ, санамызда сағыныш туралы тек тура мағынасындағы ұғымдар, яғни, «*ұзақ көрмеген адамды көруді аңсау*» немесе «*көңіл күйі жоқ адам*» ғана көз алдымызда көрініс табар еді. Ал поэзиядағы сағыныш концептісінің көріністерінің мәні, мазмұны терең, адамды дүниені жаңа қырынан тануға жетелейді, ойға ой салып, санада табиғаты ерекше теңеулер болып тұрақталады.

А.Б.Әмірбекова өз еңбегінде былай деп жазады: «Дүниенің концептілік бейнесін көрсететін негізгі тірек – концептілік жүйе. Концептілік жүйе ішкі және сыртқы құрылымдардан тұрады. Ішкі құрылымы концептіні танытуға бағытталған құрылымдар: когнитивтік модель (дүниенің ассоциалық, стеротиптік, эталондық, этикалық, символдық, бейнелік үлгісі) және оның санада бейнеленген типтері (ойсурет, схема); ал сыртқы құрылымы – сөз фразеологизм, метафора, сөйлем, тіркес, т.б.» [2,12]. Осы құрылым тұрғысынан алатын болсақ, санадағы сағыныш концептісінің құрылысы ішкі жағынан да, сыртқы жағынан да қалыптасқан. Ішкі құрылымында сағыныш – сезім, ол көзге көрінбесе де әр адамның өз қабылдауына сәйкес қалыптасады,

ал сыртқы құрылысы – ол сағыныштың әр түрлі көркемдеуіш құралдарымен келтіріліп, символы – ақ кептер бейнесінде өлеңнің өн бойына жан беріліп жүректен жүрекке жетуі.

Қорыта келгенде, ұғыммен салыстырғанда концептілік көріністердің көркемдігін, артықшылықтарына көз жеткіздік. Бірақ, сағыныштың бар бейнесі осы келтірілген ақын шығармаларындағыдай кез келген жерде көрініс табады деген теріс пікірден аулақ болуымыз керек. Сағыныштың басқаша бейнеленуі немесе бүгінгі алынған мысалдан мүлдем өзгеше болуы әдбен мүмкін. Бұл орайда, әр ақынның өзіндік сөз қолданысында міндетті түрде ерекшелік болатынын әрдайым естен шығармағанымыз жөн. Концептілік көріністерді көп білгеніміз санамыздың жан-жақты қалыптасуына, түсінігіміздің тереңдеуіне, дүниетанымымыздың кеңеюіне көп көмегін тигізеді.

Пайдаланылған әдебиет

1. Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы. «Фирма «Орнак» ЖШС, 2012. – 388 бет.

2. Әмірбекова А.Б. Концептілік құрылымдардың поэтикалық мәтіндегі вербалдау ерекшелігі (М.Мақатаев поэзиясы бойынша). Филология ғылымдардың кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертацияның авторефераты. Алматы, 2006.

3. Бабаш Б. Сағыныш қалды көзімде. Өлеңдер. / Алматы: «Жалын баспасы» ЖШС, 2011. – 136 бет.

4. Қазақ тілінің түсіндерме сөздігі / Жалпы редакциясын басқарған Т. Жанұзақов. – Алматы: Дайк – Пресс. 2008. – 968 бет.

5. Кеңесбаев І. Фразеологиялық сөздік. – Алматы: «Арыс» баспасы, 2007. – 800 бет.